

**"2015 жылғы 8 қыркүйектегі "Табиғи теріден жасалған киім заттары, киімге керек-жарақтар және өзге де бұйымдар" тауар позициясы бойынша тауарларды бақылау (сәйкестендіру) белгілерімен таңбалауды енгізу жөніндегі пилоттық жобаны 2015 - 2016 жылдары іске асыру туралы келісімнің қолданылу мерзімін ұзарту жөніндегі хаттаманы ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 13 ақпандағы № 55 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"2015 жылғы 8 қыркүйектегі "Табиғи теріден жасалған киім заттары, киімге керек-жарақтар және өзге де бұйымдар" тауар позициясы бойынша тауарларды бақылау (сәйкестендіру) белгілерімен таңбалауды енгізу жөніндегі пилоттық жобаны 2015 - 2016 жылдары іске асыру туралы келісімнің қолданылу мерзімін ұзарту жөніндегі хаттаманы ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Жоба

*Б. Сағынтаев*

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ 2015 жылғы 8 қыркүйектегі " Табиғи теріден жасалған киім заттары, киімге керек-жарақтар және өзге де бұйымдар" тауар позициясы бойынша тауарларды бақылау (сәйкестендіру) белгілерімен таңбалауды енгізу жөніндегі пилоттық жобаны 2015 - 2016 жылдары іске асыру туралы келісімнің қолданылу мерзімін ұзарту жөніндегі хаттаманы ратификациялау туралы**

2016 жылғы 23 қарашада Мәскеуде жасалған 2015 жылғы 8 қыркүйектегі "Табиғи теріден жасалған киім заттары, киімге керек-жарақтар және өзге де бұйымдар" тауар позициясы бойынша тауарларды бақылау (сәйкестендіру) белгілерімен таңбалауды енгізу жөніндегі пилоттық жобаны 2015 - 2016 жылдары іске асыру туралы келісімнің қолданылу мерзімін ұзарту жөніндегі хаттама ратификациялансын.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

**2015 жылғы 8 қыркүйектегі "Табиғи теріден жасалған киім заттары, киімге керек-жарақтар және өзге де бұйымдар" тауар позициясы бойынша тауарларды бақылау (сәйкестендіру) белгілерімен таңбалауды енгізу жөніндегі пилоттық**

## **жобаны 2015 - 2016 жылдары іске асыру туралы келісімнің қолданылу мерзімін ұзарту жөніндегі ХАТТАМА**

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер (бұдан әрі - мүше мемлекеттер) 2015 жылғы 8 қыркүйектегі "Табиғи теріден жасалған киім заттары, киімге керек-жарақтар және өзге де бұйымдар" тауар позициясы бойынша тауарларды бақылау (сәйкестендіру) белгілерімен таңбалауды енгізу жөніндегі пилоттық жобаны 2015 - 2016 жылдары іске асыру туралы келісімнің шеңберінде ынтымақтастықты жалғастыру мақсатында төмендегілер туралы келісті:

### **1-бап**

2015 жылғы 8 қыркүйектегі "Табиғи теріден жасалған киім заттары, киімге керек-жарақтар және өзге де бұйымдар" тауар позициясы бойынша тауарларды бақылау (сәйкестендіру) белгілерімен таңбалауды енгізу жөніндегі пилоттық жобаны 2015 - 2016 жылдары іске асыру туралы келісімнің қолданылуы 2017 жылғы 1 қаңтар мен 2018 жылғы 31 желтоқсан аралығына ұзартылсын.

### **2-бап**

Осы Хаттама 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап уақытша қолданылады және осы Хаттаманың күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді мүше мемлекеттердің орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны депозитарий дипломатиялық арналар арқылы алған күннен бастап күнтізбелік 10 күн өткен соң күшіне енеді.

Заңнамасында халықаралық шарттарды уақытша қолдану мүмкіндігі көзделмейтін мүше мемлекет үшін осы Хаттама осындай мүше мемлекет осы Хаттаманың күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындаған күннен бастап қолданылады.

2016 жылғы 23 қарашада Мәскеу қаласында бір төлнұсқа данада орыс тілінде жасалды.

Осы Хаттаманың төлнұсқа данасы Еуразиялық экономикалық комиссияда сақталады, ол осы Хаттаманың депозитарийі бола отырып, әрбір мүше мемлекетке оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

*Армения  
Республикасы  
үшін  
Беларусь  
Республикасы  
үшін  
Қазақстан  
Республикасы  
үшін  
Қырғыз*

*Республикасы*

*үшін*

*Ресей*

*Федерациясы*

*үшін*

Осымен 2016 жылғы 23 қарашада Мәскеу қаласында қол қойылған "Табиғи теріден жасалған киім заттары, киімге керек-жарақтар және өзге де бұйымдар" тауар позициясы бойынша тауарларды бақылау (сәйкестендіру) белгілерімен таңбалауды енгізу жөніндегі пилоттық жобаны 2015 - 2016 жылдары іске асыру туралы келісімнің қолданылу мерзімін ұзарту жөніндегі хаттама осы аудармасы орыс тілдегі мәтініне сәйкес келетінін куәландырамын.

Армения Республикасы Үкіметі үшін - Армения Республикасының Премьер-Министрі К.В. Карапетян;

Беларусь Республикасы Үкіметі үшін - Беларусь Республикасы Премьер- Министрі А.В. Кобяков;

Қазақстан Республикасы Үкіметі үшін - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары А.Ұ. Мамин;

Қырғыз Республикасы Үкіметі үшін - Қырғыз Республикасының Премьер-Министрі С.Ш.Жээнбеков;

Ресей Федерациясы Үкіметі үшін - Ресей Федерациясы Үкіметі Төрағасы Д.А. Медведев;

Төлнұсқа данасы Еуразиялық экономикалық комиссиясында сақталады.

*Еуразиялық экономикалық комиссиясы*

*Құқықтық департаментінің директоры*

*В.И. Тараскин*

Осымен 2016 жылғы 23 қарашада Мәскеу қаласында қол қойылған "Табиғи теріден жасалған киім заттары, киімге керек-жарақтар және өзге де бұйымдар" тауар позициясы бойынша тауарларды бақылау (сәйкестендіру) белгілерімен таңбалауды енгізу жөніндегі пилоттық жобаны 2015 – 2016 жылдары іске асыру туралы келісімнің қолданылу мерзімін ұзарту жөніндегі хаттама осы аудармасы орыс тілдегі мәтініне сәйкес келетінін куәландырамын.

*Қазақстан Республикасы*

*Қаржы министрлігі*

*Құжат айналымы*

*департаментінің директоры*

*Е. Нүсіпақынов*